

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бәсекелестік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 сәуірдегі № 256 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бәсекелестік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бәсекелестік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 18-I, 18-II, 92-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; № 24, 145, 146-құжаттар; 2015 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 6-құжат; № 7, 33-құжат; № 8, 44, 45-құжаттар; № 9, 46-құжат; № 10, 50-құжат; № 11, 52-құжат; № 14, 71-құжат; № 15, 78-құжат; № 16, 79-құжат; № 19-I, 101-құжат; № 19-II, 102, 103, 105-құжаттар; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 21-II, 130-құжат; № 21-III, 137-құжат; № 22-I, 140, 141, 143-құжаттар; № 22-II, 144, 148-құжаттар; № 22-III, 149-құжат; № 22-V, 152, 156, 158-құжаттар; № 22-VI, 159-құжат; № 22-VII, 161-құжат; № 23-I, 166, 169-құжаттар; № 23-II, 172-құжат; 2016 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 9-құжат; 2016 жылғы 31 наурызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне рұқсат беру құжаттарын қысқарту және рұқсат беру рәсімдерін оңайлату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2016 жылғы 29 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2016 жылғы 8 сәуірде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан

Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2016 жылғы 9 сәуірде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2016 жылғы 7 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2016 жылғы 12 сәуірде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экологиялық мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2016 жылғы 8 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы.):

1) 1 6 3 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«163-бап. Мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдардың бәсекелестікке қарсы әрекеттері (әрекетсіздіктері), жосықсыз бәсекелестік»;

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдардың бәсекелестікке қарсы әрекеттері (әрекетсіздіктері) – лауазымды адамдарға үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

2) 806-баптың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде тыйым салынған монополистік қызметті, жосықсыз бәсекелестікті, сондай-ақ мемлекеттік органдардың және жергілікті атқарушы органдардың бәсекелестікке қарсы әрекеттерін (әрекетсіздіктерін) жүзеге асыру кезінде әкімшілік құқық бұзушылық анықталған жағдайларда тергеп-тексеру нәтижелері бойынша тиісті шешім қабылданғаннан кейін дереу х а т т а м а ж а с а л а д ы . » .

2. 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 20-II, № 20-III, 112-кұжат, 2016 ж., № 1, 4-кұжат; 2016 жылғы 9 сәуірде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне төрелік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2016 жылғы 8 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) м а з м ұ н ы н д а :

88-баптың тақырыбы алып тасталсын;

19-тараудың тақырыбы алып тасталсын;

212, 213, 214 және 215-баптардың тақырыптары алып тасталсын;

2) мазмұны мынадай мазмұндағы 6-1-тараудың тақырыбымен толықтырылсын:

«6-1-тарау. МОНОПОЛИЯҒА ҚАРСЫ ОРГАН ЖӘНЕ ОНЫҢ ӨКІЛЕТТІКТЕРІ»;

3) мазмұны мынадай мазмұндағы 79-1, 79-2, 79-3, 79-4, 79-5, 79-6, 79-7 және 79-8-баптардың тақырыптарымен толықтырылсын:

«79-1-бап. Монополияға қарсы органның жүйесі

79-2-бап. Монополияға қарсы органның міндеттері

79-3-бап. Монополияға қарсы органның басшылығы

79-4-бап. Монополияға қарсы органның басқа мемлекеттердің монополияға қарсы органдарымен өзара іс-қимылы

79-5-бап. Монополияға қарсы және құқық қорғау органдарының өзара іс-қимылы

79-6-бап. Монополияға қарсы органның кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеу саласындағы құзыреті

79-7-бап. Монополияға қарсы орган қызметкерлерінің құқықтары

79-8-бап. Монополияға қарсы орган қызметкерлерінің коммерциялық, қызметтік және заңмен қорғалатын өзге де құпияларды сақтау жөніндегі міндеті»;

4) мынадай мазмұндағы 6-1-тараумен және 79-1, 79-2, 79-3, 79-4, 79-5, 79-6, 79-7, 79-8-баптармен толықтырылсын:

«6-1-тарау. Монополияға қарсы орган және оның өкілеттіктері

79-1-бап. Монополияға қарсы органның жүйесі

1. Монополияға қарсы органның біртұтас жүйесін орталық атқарушы орган, оның ведомствосы және оған бағынысты аумақтық органдар құрайды.

2. Аумақтық органдар өзінің қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өкілеттіктері және орталық атқарушы орган бекіткен ережелер шегінде жүзеге асырады.

79-2-бап. Монополияға қарсы органның міндеттері

Монополияға қарсы органның міндеттері:

1) адал бәсекелестікті дамытуға жәрдемдесу;

2) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылықтардың алдын алу, анықтау және тергеп-тексеру, жолын кесу;

3) экономикалық шоғырлануды бақылау;

4) бәсекелестікті шектейтін нарық субъектілерін монополиясыздандыру болып табылады.

79-3-бап. Монополияға қарсы орган ведомствосының басшылығы

Монополияға қарсы органының ведомствосына басшылықты ведомствоның бірінші басшысы жүзеге асырады, ол лауазымға төрт жыл мерзімге тағайындалады.

79-4-бап. Монополияға қарсы органның басқа мемлекеттердің монополияға қарсы органдарымен өзара іс-қимылы

1. Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде монополияға қарсы орган халықаралық шарттарға сәйкес Еуразиялық экономикалық одаққа қатысушы мемлекеттердің монополияға қарсы органдарымен өзара іс-қимылды, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпке сәйкес хабарламалар, ақпарат беру туралы сауалдар жіберу, консультациялар жүргізу, тергеп-тексерулер жөнінде хабардар ету жолымен жүзеге асырады.

2. Монополияға қарсы орган халықаралық ұйымдарға қатысу шеңберінде өзге мемлекеттердің монополияға қарсы органдарына сауалдар жіберуге және сауалдар бойынша ақпарат беруге құқылы.

79-5-бап. Монополияға қарсы және құқық қорғау органдарының өзара іс-қимылы

1. Монополияға қарсы орган өз өкілеттігі шегінде Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарымен мынадай нысандарда өзара іс-қимылды жүзеге асырады:

1) құқық қорғау органдарына монополияға қарсы құқық бұзушылықтардың анықталған фактілері туралы хабарлайды;

2) тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйі туралы талдау ақпаратын береді;

3) құқық қорғау органдарының сауалдары бойынша өз құзыреті шегінде сараптама жүргізеді және Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының мәселелері бойынша қорытындылар береді;

4) құқық қорғау органдарының, олардың аумақтық бөлімшелерінің қаулылары мен сауалдары бойынша өз қызметкерлерін Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау заңнамасының бұзылуын тергеп-тексеру жөніндегі процестік іс-қимылдар мен іс-шараларға қатысуы үшін сарапшылар ретінде жібереді.

2. Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары өз өкілеттігі шегінде монополияға қарсы органмен мынадай нысандарда өзара іс-қимылды жүзеге асырады:

1) монополияға қарсы органға Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласында анықталған құқық бұзушылықтар туралы хабарлайды;

2) монополияға қарсы органның және оның аумақтық органдарының сауалдары мен өтініштері бойынша:

Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының бұзылуын тергеп-тексеру жөніндегі бірлескен іс-шараларды жүргізу, сондай-ақ монополияға қарсы орган қызметкерлерінің қызметтік міндеттерін орындауына кедергі келтіретін құқыққа қайшы іс-әрекеттердің жолын кесу үшін қызметкерлерін жібереді;

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген тәртіппен монополияға қарсы органның жазбаша сауалына сәйкес Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылардың тұрған жерін анықтау және оларды әкімшілік жауаптылыққа тарту үшін монополияға қарсы органға жеткізу жөнінде шара қолданады;

Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексінде көзделген тәртіппен монополияға қарсы орган табыс ететін бәсекелестікке қарсы іс-қимылдың қылмыстық жаза қолданылатын белгілері бар материалдары бойынша қылмыстық сотқа туралы шешім қабылдайды, ол туралы монополияға қарсы органға хабарлайды;

монополияға қарсы органға Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылықтың дәлелдемелерін табуға және бекітуге практикалық көмек көрсетеді.

79-6-бап. Монополияға қарсы органның кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеу

Монополияға қарсы орган мынадай функцияларды орындайды:

- 1) бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;
- 2) бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласында мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдарды салааралық үйлестіруді жүзеге асырады;
- 3) бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;
- 4) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;
- 5) мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың бәсекелестікті шектеуге және (немесе) жоюға бағытталған актілерінің, әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) ж о л ы н к е с е д і ;
- 6) экономикалық шоғырлануды бақылауды жүзеге асырады;
- 7) Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасында көзделген бұзушылықтарды қоспағанда, тиісті тауар нарығында үстем немесе монополиялық жағдайды теріс пайдаланудың алдын алады және оны жояды;
- 8) нарық субъектілерінің бәсекелестікке қарсы келісімдеріне және келісілген әрекеттеріне, жосықсыз бәсекелестікке жол бермейді және олардың жолын кеседі;
- 9) нарық субъектілерін реттелетін нарықтардағы үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізу және одан алып тастау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 10) бәсекелестікті қорғау, монополистік қызметті шектеу және тауар нарықтарының жұмыс істеуі саласында нормативтік құқықтық актілерді келіседі;
- 11) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының нормаларын қолдану туралы ақпаратты таратуды және адал бәсекелестікті н а с и х а т т а у д ы жүзеге асырады;
- 12) тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйін талдауды жүзеге асырады;
- 13) тиісті тауар нарығында үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілерінің қызметін талдауды және оның мониторингін жүзеге асырады;
- 14) реттелетін нарықтарда үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілерінің мемлекеттік тізілімін қалыптастыруды және жүргізуді жүзеге асырады;
- 15) тауарлардың өзара алмастырылу, оларды сатып алуға қолжетімділік өлшемшарттарын, сондай-ақ тауар нарығының шекараларын айқындай отырып, тауар нарығындағы бәсекелес ортаның жай-күйіне талдау және бағалау жүргізу жөніндегі әдістемелерді, қаржы ұйымдарына қатысты – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу арқылы бекітеді;
- 16) үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектісі белгілеген монополиялық жоғары (төмен), монополистік төмен бағаны анықтайды;

17) монополиялық жоғары (төмен) және монополистикалық төмен бағаны анықтау жөніндегі әдістемелерді бекітеді;

18) нарық субъектілерінің, мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзу фактілері бойынша осы Кодексте белгіленген тәртіппен тергеп-тексеру жүргізеді;

19) банктік құпияны, сақтандыру құпиясын және бағалы қағаздар нарығындағы коммерциялық құпияны қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, оның ішінде мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органнан, мемлекеттік кіріс органдарынан, нарық субъектілерінен, сондай-ақ лауазымды адамдардан және өзге де жеке және заңды тұлғалардан осы Кодексте көзделген өкілеттіктерді жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты, оның ішінде коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді сұратады және алады;

20) нарық субъектілеріне: осы Кодекс нормаларының бұзылуын тоқтату және (немесе) олардың салдарларын жою ;

бастапқы жағдайды қалпына келтіру; осы Кодекске қайшы келетін шарттарды бұзу немесе өзгерту; егер белгілі бір сатушылармен (өнім берушілермен) не сатып алушылармен шарт жасасудан негізсіз бас тарту не жалтару бұзушылық болып табылған жағдайда, өзге нарық субъектісімен шарт жасасу туралы орындалуға міндетті нұсқамалар шығарады;

21) мемлекеттік органдарға, жергілікті атқарушы органдарға осы Кодекске қайшы келетін өздері қабылдаған актілердің күшін жою немесе оларды өзгерту, бұзушылықтарды тоқтату, сондай-ақ өздері жасасқан келісімдерді бұзу немесе өзгерту және мәмілелердің күшін жою туралы және бәсекелестікті қамтамасыз етуге бағытталған әрекеттер жасау туралы орындалуға міндетті нұсқамалар енгізеді;

22) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды және әкімшілік жазаларды қолданады ;

23) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының бұзылуына байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар белгілері бойынша істің сотқа дейінгі тергеп-тексерілуін жүргізу үшін құқық қорғау органдарына материалдар жібереді ;

24) жыл сайын бірінші маусымнан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің атына жекелеген тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйі және монополистік қызметті шектеу жөнінде қолданылатын шаралар туралы жылдық есепті жібереді, сондай-ақ оны бәсекелестікті қорғау саласындағы уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында

о р н а л а с т ы р а д ы ;

25) жыл сайын, есептің жылдан кейінгі жылдың 5 қаңтарынан кешіктірмей, Қазақстан Республикасының Үкіметіне мемлекеттік кәсіпорындардың, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаларды және олармен үлестес тұлғаларды бәсекелестік ортаға беру бойынша ұсыныстарды және акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес тұлғалар жүзеге асыратын қызмет түрлерінің тізбесіне өзекті сипат беру жөнінде ұсыныстарды ж і б е р е д і ;

26) бәсекелестікті қорғау саласында жүргізілетін мемлекеттік саясаттың ақпараттық ашықтығын қамтамасыз етеді, оның ішінде тоқсан сайын, есепті айдан кейінгі айдың он бесінен кешіктірмей, бұқаралық ақпарат құралдарында және монополияға қарсы органның интернет-ресурсында монополияға қарсы органның қызметі туралы мәліметтерді о р н а л а с т ы р а д ы ;

27) мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларына сараптама жү р г і з е д і ;

28) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құқық қорғау органдарына жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізу туралы жүгінеді;

29) нарық субъектісінің, мемлекеттік органның, жергілікті атқарушы органның лауазымды адамына Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзуға әкеп соғуы мүмкін әрекетті (әрекеттерді) жасауға жол бермеу туралы жазбаша нысанда алдын ала ескерту жібереді;

30) мемлекеттік құпиялар және заңмен қорғалатын өзге де құпия қамтылған ақпаратты қоспағанда, өзінің интернет-ресурсында тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйіне талдауды орналастырады;

31) нарық субъектілерінің әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының бұзылу белгілерінің бар екендігі туралы хабарламаны нарық субъектілеріне жібереді;

32) монополияға қарсы орган қабылдаған бәсекелестікті қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерге ресми түсіндірме береді;

33) нарық субъектілері келісімдерінің жобаларын Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының талаптарына сәйкестігі немесе сәйкес еместігі тұрғысынан қарау тәртібін әзірлейді және бекітеді;

34) нарық субъектілеріне монополияға қарсы комплаенс актісін (актілерін) келіседі;

35) осы Кодексте, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

79-7-бап. Монополияға қарсы орган қызметкерлерінің құқықтары

Монополияға қарсы орган қызметкерлерінің қызметтік міндеттерін атқарған кезде, оның ішінде Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының бұзылуы туралы өтініштерді қараған, Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының бұзылуы туралы істерді тергеп-тексерген, экономикалық шоғырлануға бақылауды жүзеге асырған және бәсекелестік деңгейінің жай-күйін айқындаған кезде, өздеріне жүктелген өкілеттіктерге сәйкес қызметтік куәліктерін және монополияға қарсы органның Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының сақталуын тергеп-тексеру жүргізу туралы шешімін көрсеткен кезде:

- 1) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтай отырып, мемлекеттік органдар мен нарық субъектілерінің үй-жайлары мен аумақтарына кедергісіз кіруге;
- 2) монополияға қарсы орган белгілеген, бес жұмыс күнінен кем болмайтын мерзімде мемлекеттік органдардан, жергілікті атқарушы органдардан, нарық субъектілерінен, лауазымды адамдардан және өзге де жеке және заңды тұлғалардан жазбаша ақпарат, сондай-ақ Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының жол берілген бұзушылық фактілері бойынша жазбаша және (немесе) ауызша түсініктемелер сұратуға және алуға құқығы бар.

79-8-бап. Монополияға қарсы орган қызметкерлерінің коммерциялық, қызметтік және заңмен қорғалатын өзге де құпияларды сақтау жөніндегі міндеті

1. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, монополияға қарсы орган өзінің өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде алған коммерциялық, қызметтік, заңмен қорғалатын өзге де құпияларды құрайтын ақпарат жария етілуге жатпайды.

2. Монополияға қарсы органның қызметкерлері коммерциялық, қызметтік, заңмен қорғалатын өзге де құпияларды құрайтын ақпаратты жария еткені үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жауапты болады.

3. Монополияға қарсы органның не оның лауазымды адамдарының коммерциялық, қызметтік, заңмен қорғалатын өзге де құпияларды құрайтын ақпараттарды жария етуі нәтижесінде жеке немесе заңды тұлғаға келтірілген зиян Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес өтелуге жатады.»;

5) 88-бап алып тасталсын;

6) 116-баптың 3-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) мемлекеттік баға реттеу енгізілген тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге);»;

7) 160-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«160-бап. Бәсекелестікті мемлекеттік реттеу мақсаттары

Бәсекелестікті қорғау, Қазақстан Республикасының тауар нарықтарындағы адал бәсекелестікті және тауар нарықтарының тиімді жұмыс істеуін қолдау және қолайлы жағдайлар жасау, экономикалық кеңістіктің біртұтастығын, тауарлардың еркін

қозғалысын және Қазақстан Республикасындағы экономикалық қызметтің еркіндігін қамтамасыз ету, осы Кодекске сәйкес монополистік қызметті реттеу және шектеу, адал бәсекелестікке жәрдемдесу және Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылықтардың алдын алу, мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың бәсекелестікке қарсы әрекеттерінің және жосықсыз бәсекелестіктің жолын кесу бәсекелестікті мемлекеттік реттеудің мақсаттары болып т а б ы л а д ы . » ;

8) 161-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы бөлім нарық субъектілері, тұтынушылар, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдар қатысатын Қазақстан Республикасының тауар нарықтарындағы бәсекелестікке ықпал ететін немесе ықпал етуі мүмкін қатынастарға қ о л д а н ы л а д ы . » ;

9) 163-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде жетекшілік ететін экономика салаларында мемлекеттік саясатты іске асырған кезде бәсекелестікті дамыту жөнінде шара қолданады және бәсекелестікке теріс ықпал ететін әрекеттерді жасамауға міндетті .
» ;

1 0) 1 6 9 - б а п т а :

1-тармақтың 5) тармақшасындағы «бас тартуға әкеп соғатын немесе әкеп соғуы мүмкін болса, мұндай келісімдер картель деп танылады және оларға тыйым салынады.» деген сөздер «бас тартуға;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы б) т а р м а қ ш а м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«б) нарықтың басқа субъектілерінің белгілі бір тауарларды сатушылар (берушілер) немесе олардың сатып алушылары ретінде тауар нарығына кіруін шектеуге немесе одан ығыстырып шығаруға әкеп соғатын немесе әкеп соғуы мүмкін болса, мұндай келісімдер картель деп танылады және оларға тыйым салынады.»;

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Нарық субъектілерінің арасындағы кез келген нысанда қол жеткізілген, бәсекелестікті шектеуге әкеп соғатын немесе әкеп соғуы мүмкін, оның ішінде:

1) нарықтың басқа субъектілерімен мәні бірдей шарттарға кемсітушілік шарттар белгілеуге немесе қолдауға, оның ішінде тауарларды сатып алудың және (немесе) өткізудің келісілген шарттарын белгілеуіне;

2) нарық субъектілерінің сол бір тауарға түрлі бағаларды (тарифтерді) экономикалық, технологиялық және өзге де түрде негізсіз белгілеуге;

3) тауарларды өткізуді негізсіз шектеуге немесе тоқтатуға;

4) контрагенттердің өзінің мазмұны бойынша немесе іскерлік айналым дәстүрлеріне сәйкес осы шарттардың нысанасына қатысы жоқ қосымша міндеттемелерді (қаржылай қаражатты және өзге де мүлікті, мүліктік немесе мүліктік емес құқықтарды беруді негізсіз талап етуді) қабылдаған жағдайда шарттар жасасуға қатысты бәсекелестікті

шектеуге әкеп соғатын немесе әкеп соғуы мүмкін келісімдерге тыйым салынады және олар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен толығымен немесе ішінара жарамсыз деп танылады.

Осы тармақта белгіленген тыйымдар, егер нарық субъектісінің (субъектілерінің) қаралып отырған тауар нарықтарының біріндегі үлесі жиырма пайыздан аспаса не мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары, оның ішінде концессия, кешенді кәсіпкерлік лицензия (франчайзинг) шарттары болып табылса, сатылас келісімдерге қолданылмайды.

4. Бәсекелестікке қарсы келісімдер жазбаша және (немесе) ауызша нысанда жасалуы/қол жеткізілуі мүмкін.»;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Осы баптың талаптары, егер мұндай келісімдер бәсекелестікті шектеуге немесе жоюға әкеп соқпаса немесе әкеп соға алмаса, зияткерлік қызметтің нәтижелеріне айрықша құқықтарды жүзеге асыру туралы келісімдерге және оларға теңестірілген заңды тұлғаны дараландыру құралдарына, өнімді, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді дараландыру құралдарына қолданылмайды.»;

11) 170-баптың 2-тармағының 4) тармақшасындағы «құраған шарттарды қанағаттандырса, келісілген әрекеттер деп танылуы мүмкін.» деген сөздер «құраған;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

«5) аталған әрекеттер бәсекелестікті шектеген шарттарды қанағаттандырса, келісілген әрекеттер деп танылуы мүмкін.»;

12) 171-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Нарық субъектілері келісімі жобасының осы Кодекстің төртінші бөлімінің талаптарына сәйкес келуін тексеру тәртібін монополияға қарсы орган әзірлейді және бекітеді.» ;

13) 172-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«172-бап. Үстем немесе монополиялық жағдай

1. Белгілі бір тауар нарығындағы нарық субъектісінің немесе бірнеше нарық субъектісінің осындай нарық субъектісіне немесе осындай нарық субъектілеріне тиісті тауар нарығында тауар айналымының жалпы жағдайына елеулі ықпал етуге мүмкіндік беретін жағдайы үстем немесе монополиялық жағдай деп танылады.

2. Нарық субъектісінің (қаржы ұйымын қоспағанда):

1) белгілі бір тауар нарығындағы үлесі елу пайыздан асатын жағдайы, егер бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнаманы бұзушылықтарға тергеп-тексеру жүргізген кезде аталған шамадан асып түсуіне қарамастан нарық субъектісінің тауар нарығындағы жағдайы үстем болып табылмайтыны белгіленсе;

2) белгілі бір тауар нарығындағы үлесі елу пайыздан кем, бірақ отыз бес пайыздан асатын жағдайы, егер осындай нарық субъектісінің үстем жағдайын монополияға қарсы орган ұзақ кезең ішінде (кемінде бір жыл ішінде немесе, егер осындай мерзім тиісті

тауар нарығының жұмыс істеу мерзімінде бір жылдан кем құраса) нарық субъектісінің өзгермеген, ұлғайған немесе шамалы өзгерістерге ұшыраған үлесіне (төмендеуге қарай он бес пайыздан аспайтын), бәсекелестерге тиесілі осы тауар нарығындағы үлестердің салыстырмалы мөлшеріне, тауар нарығына кіру үшін экономикалық, технологиялық, әкімшілік немесе өзге де шектеулер болуына сүйене отырып белгілесе, үстем деп т а н ы л а д ы .

3. Бірнеше нарық субъектісінің ішіндегі әрбір нарық субъектісінің жағдайы (қаржы ұйымын қоспағанда), оған қатысты жиынтығында мынадай мән-жайлар:

1) олардың әрқайсысының үлесі тиісті тауар нарығындағы басқа нарық субъектілерінің үлестерінен көп болатын, үшеуден аспайтын нарық субъектісінің жиынтық үлесі елу және одан көп пайызды құраса немесе олардың әрқайсысының үлесі тиісті тауар нарығындағы басқа нарық субъектілерінің үлесінен көп болатын, төртеуден аспайтын нарық субъектісінің жиынтық үлесі жетпіс және одан көп пайызды құраса (бұл ереже, егер аталған нарық субъектілерінің біреуінің үлесі он бес пайыздан кем болса қолданылмайды);

2) ұзақ кезең ішінде (кемінде бір жыл ішінде немесе, егер мұндай мерзім бір жылдан аз болса, тиісті тауар нарығының жұмыс істеуі мерзімі ішінде) нарық субъектілері үлестерінің салыстырмалы мөлшері өзгермеген немесе шамалы өзгерістерге ұшыраған, сондай-ақ тауар нарығына кіру үшін экономикалық, технологиялық, әкімшілік немесе өзге де шектеулер болса;

3) нарық субъектілері өткізетін немесе сатып алатын тауар тұтыну кезінде (оның ішінде өндірістік мақсаттарда тұтыну кезінде) басқа тауармен алмастырыла алмайтын жағдайда, үстем деп танылады.

4 . Е г е р :

1) тиісті қаржы қызметтерін көрсету нарығындағы бір қаржы ұйымының үлесі отыз бес және одан көп пайызды құраса;

2) тиісті қаржы қызметтерін көрсету нарығында неғұрлым көп үлес тиесілі болатын, екеуден аспайтын қаржы ұйымының жиынтық үлесі елу және одан көп пайызды құраса ;

3) тиісті қаржы қызметтерін көрсету нарығында неғұрлым көп үлес тиесілі болатын, үшеуден аспайтын қаржы ұйымының жиынтық үлесі жетпіс және одан көп пайызды құраса, қаржы ұйымдарының жағдайы үстем жағдай деп танылады.

5. Табиғи монополия, мемлекеттік монополия субъектілерінің, сондай-ақ тиісті тауар нарығында жүз пайыз үстем үлеске ие нарық субъектілерінің жағдайы монополиялық жағдай деп танылады.

6. Нарық субъектісі монополияға қарсы органға осы нарық субъектісінің тауар нарығындағы жағдайы үстем деп таныла алмайтыны туралы дәлелдемелер ұсынуға қ ұ қ ы л ы . » ;

14) 192-баптың 9-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Осы баптың 4-тармағының үшінші бөлігін қоспағанда, 4, 5, 6, 7 және 8-тармақтарының талаптары осы баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 5) және 6) тармақшаларында көзделген жағдайларға ғана қолданылады.»;

1 5) 1 9 4 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«194-бап. Мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың бәсекелестікке қарсы әрекеттері (әрекетсіздігі), келісімдері»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатында Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың әрекеттерінен (әрекетсіздігінен), актілер не шешімдер қабылдаудан көрінетін бәсекелестікті шектеуге немесе жоюға әкеп соққан немесе әкеп соғуы мүмкін бәсекелестікке қарсы әрекеттеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тыйым салынады және олар толығымен немесе ішінара жарамсыз деп танылады.»;

мынадай мазмұндағы 4, 5, 6, 7 және 8-тармақтармен толықтырылсын:

«4. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне қатысты Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнаманың бұзылуын тергеп-тексеру нәтижелері бойынша қорытындының жобасы тергеп-тексеру объектісіне тергеп-тексеру аяқталғанға дейін кемінде күнтізбелік отыз күн бұрын мерзімде табыс етіледі немесе хабарламасы бар хатпен жіберіледі.

5. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі тергеп-тексеру аяқталғанға дейін кемінде күнтізбелік жиырма күн бұрын мерзімде өтініш берген жағдайда, монополияға қарсы органның лауазымды адамы (лауазымды адамдары) келісу комиссиясының қарауына Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнаманың бұзылуын тергеп-тексеру нәтижелері бойынша қорытындының жобасын шығарады, оның құрамына Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және монополияға қарсы органның өкілдері кіреді.

6. Келісу комиссиясы енгізілген қорытындының жобасын енгізілген күнінен бастап күнтізбелік бес күннен аспайтын мерзімде оның толықтығын және онда келтірілген Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнаманы бұзу фактілері дәлелдерінің сапасын тергеп-тексеруге қатысатын адамдарды отырысқа шақырып қарайды.

7. Қорытындының жобасын қарау нәтижелері бойынша келісу комиссиясы ескертулердің болуы (болмауы) туралы қорытынды шығарады.

Қорытындының жобасына ескертулер болған жағдайда монополияға қарсы орган оны пысықтауды жүзеге асырады және күнтізбелік бес күннен кешіктірмей келісу комиссиясының қарауына қайта ұсынады.

Монополияға қарсы орган қорытындының жобасына ескертулерді қабылдамаған кезде келісу комиссиясына келіспеу себептерінің негіздемелері ұсынылады.

Монополияға қарсы органның қорытындыны бекіту туралы шешімі келісу комиссиясының қорытынды жобасына ескертулері болмаған жағдайда тергеп – тексеру аяқталған күнінен бастап күнтізбелік он күннен аспайтын мерзімде қабылданады.

8. Келісу комиссиясының әрекет ету тәртібін және оның құрамын монополияға қарсы орган және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі айқындайды.»;

16) мынадай мазмұндағы 195-1-баппен толықтырылсын:

«195-бап. Монополияға қарсы компаенс

1. Нарық субъектісінің бәсекелестікті қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауды қамтамасыз етуге және оны бұзушылықтың алдын алуға бағытталған құқықтық, ұйымдастырушылық және өзге де шараларының жүйесі монополияға қарсы компаенс болып табылады.

2. Монополияға қарсы компаенсті енгізу үшін нарық субъектісі (субъектілері) монополияға қарсы компаенс актісін (актілерін):

1) нарық субъектісінің бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнаманы бұзу қаупін бағалауды және оларды төмендету шараларын көздейтін ішкі акті (нұсқаулық, қағидалар) ;

2) тиісті тауар нарығындағы нарық субъектілерінің адал бәсекелестік қағидаларын көздейтін сыртқы акт (кодекс, келісім) қабылдауға құқылы.

3. Нарық субъектісі (субъектілері) монополияға қарсы компаенс туралы акт жобасын монополияға қарсы органға келісуге жіберуге құқылы, ол келіп түскен сәттен бастап бір ай ішінде қаралуға тиіс.»;

17) 196-бапта :

1, 2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйін талдау бәсекелестік деңгейін айқындау, үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілерін анықтау, бәсекелестікті қорғау мен дамытуға, монополистік қызметтің алдын алуға, шектеуге және жолын кесуге бағытталған шаралар кешенін әзірлеу мақсатында, оның ішінде мынадай :

1) экономикалық шоғырлануға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

2) бәсекелестікке қарсы келісімдер мен келісілген әрекеттер, үстем немесе монополиялық жағдайды теріс пайдалану белгілерін қарастырған кезде нарық субъектісінің үстем үлесін айқындау;

3) мемлекеттің кәсіпкерлік ортаға қатысуының орындылығын белгілеу жағдайларында жүргізіледі.

2. Тауар нарығындағы бәсекелес ортаның жай-күйін талдау монополияға қарсы орган бекітетін Тауар нарығындағы бәсекелестіктің жай-күйіне талдау жүргізу әдістемесіне және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің келісімімен монополияға

қарсы орган бекітетін қаржы ұйымдарына қатысты бәсекелестіктің жай-күйіне талдау жүргізу әдістемесіне сәйкес жүргізіледі.

Тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйін он екі айдан аспайтын мерзімде жүргізіледі.

3. Тауар нарықтарындағы бәсекелес ортаның жай-күйін талдау мынадай кезеңдерді қамтиды :

- 1) тауарлардың бірін-бірі өзара алмастыру өлшемшарттарын айқындау;
- 2) тауар нарығының шекараларын айқындау;
- 3) тауар нарығын зерттеудің уақыт аралығын айқындау;
- 4) тауар нарығында жұмыс істейтін нарық субъектілерінің құрамын айқындау;
- 5) тауар нарығының көлемі мен нарық субъектілерінің үлестерін есептеу;
- 6) тауар нарығындағы бәсекелес ортаның жай-күйін бағалау;
- 7) тауар нарығына кіру тосқауылдарын айқындау;
- 8) нарықты талдау бойынша тұжырымдар.»;

4-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы тарауда тауар деп азаматтық айналым объектісі болып табылатын тауар, жұмыс, көрсетілетін қызмет, оның ішінде қаржылық көрсетілетін қызмет түсініледі.»;

6 - тармақ алып тасталсын ;

мынадай мазмұндағы 11 және 12-тармақтармен толықтырылсын:

«11.Экономикалық шоғырлануға мемлекеттік бақылауды жүзеге асырған, сондай-ақ бәсекелестікке қарсы келісімдер мен келісілген әрекеттер, үстем немесе монополиялық жағдайды теріс пайдалану белгілерін анықтаған кезде тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйін талдау осы баптың 3-тармағының 6), 7) тармақшаларын алып тастайды .

Үстем немесе монополиялық жағдайды теріс пайдалану белгілерін анықтау кезінде тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйін талдау нарық субъектісінің үлесі отыз бес пайыздан асатынын, бірақ елуден кем құрайтынын немесе нарық субъектілерінің жиынтық үстемдігі орын алғанын көрсеткен жағдайда, тауар нарығындағы бәсекелес ортаның жай-күйін талдау және бағалау осы баптың 3-тармағында көзделген барлық кезеңдер сақталып жүргізіледі.

Мемлекеттің кәсіпкерлік ортаға қатысуының орындылығын анықтау мақсатында талдау осы баптың 3-тармағында көзделген кезеңдердің негізінде жүргізіледі, сондай-ақ тауар нарығына мемлекеттік кәсіпорындардың, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың және олармен үлестес тұлғалардың, мұндай құру Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде, Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарында немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, қатысуының орындылығын бағалауды қамтиды.

12. Тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйін талдау мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган, мемлекеттік органдар, нарық субъектілері және олардың бірлестіктері ұсынған ақпараттың, сондай-ақ осы баптың 9-тармағына сәйкес ұсынылатын ақпараттың негізінде жүзеге асырылады.

Нарық субъектісі монополияға қарсы органға өзінде бар маркетингтік зерттеулер нәтижелерін ұсынуға құқылы, оларды монополияға қарсы орган талдау жүргізу барысында пайдалана алады.»;

18) 200 - бапта :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Монополияға қарсы орган монополиялық жағдайдың туындауын және (немесе) бәсекелестікті шектеуді болғызбау мақсатында осы Кодекстің 201-бабы 1-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген мәмілелерді (әрекеттерді) жүзеге асыруға монополияға қарсы органның алдын ала келісімін алу не осы Кодекстің 201-бабы 1-тармағының 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген мәмілелер туралы оны хабардар ету түрінде экономикалық шоғырлануға мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады.»;

6-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Монополияға қарсы органның келісімінсіз жасалып, нарық субъектісінің немесе тұлғалар тобының монополиялық жағдайын орнықтыруға және (немесе) бәсекелестікті шектеуге әкеп соққан экономикалық шоғырлануды сот монополияға қарсы органның талап қоюы бойынша жарамсыз деп тануы мүмкін.»;

19) 201-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Егер қайта ұйымдастырылатын нарық субъектілерінің (тұлғалар тобының) немесе сатып алушының (тұлғалар тобының), сондай-ақ өзінің дауыс беру құқығы бар акциялары (жарғылық капиталға қатысу үлестері, пайлары) сатып алынатын нарық субъектісі активтерінің жиынтық баланстық құны немесе олардың соңғы қаржы жылында тауарлар өткізуінің жиынтық көлемі өтінішхат (хабарлама) берілген күнге белгіленген айлық есептік көрсеткіштің он миллион еселенген мөлшерінен асатын немесе мәмілеге қатысушы тұлғалардың бірі тиісті тауар нарығында монополиялық жағдайға ие нарық субъектісі болып табылатын жағдайларда, осы баптың 1-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген мәмілелерді жүзеге асыруға монополияға қарсы органның келісімі не осы баптың 1-тармағының 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген мәмілелер туралы оның хабарламасы талап етіледі.»;

20) 204-баптың 6-тармағы алып тасталсын;

21) 205-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Қосымша мәліметтерді және (немесе) құжаттарды ұсыну кезеңінде, сондай-ақ тауар нарықтарындағы бәсекелестің жай-күйіне талдау жүргізген кезде өтінішхатты қарау мерзімі тоқтатыла тұрады, бұл туралы монополияға қарсы орган өтінішхат берген тұлғаны мұндай шешім қабылданған кезден бастап үш жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабардар етуге міндетті.

Экономикалық шоғырлануды жасау кезінде тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйіне талдау жүргізу, егер мәмілеге қатысушы тұлғалар (тұлғалар тобы) ұқсас немесе бірін-бірі алмастыратын тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асырса және (немесе) бәсекелестікті шектеу белгілері болған кезде талап етіледі.»;

22) 209-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Егер жасалған экономикалық шоғырлану туралы монополияға қарсы органға хабарлама келіп түскеннен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң монополияға қарсы орган хабарламаны жіберген тұлғаға мәміленің күшін жою қажеттігі туралы нұсқама жібермесе, экономикалық шоғырлану жүзеге асырылды деп есептеледі.»;

23) 19-тараудың тақырыбы алып тасталсын;

24) 212, 213, 214 және 215-баптар алып тасталсын;

25) 218-баптың 2, 3 және 4-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Монополияға қарсы орган осы Кодекстің 169-бабының 3-тармағының, 170-бабының 1-тармағының және 174-бабының бұзылу белгілері болған кезде тергеп-тексеру жүргізгенге дейін нарық субъектісінің үстем үлесін анықтау мақсатында тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйіне талдау жүргізеді. Бұл ретте, осы Кодекстің 174-бабының бұзылу фактілерін тергеу қорытындылары бойынша тергеп-тексеру объектісіне қатысты монополияға қарсы ден қою шаралары оның нақты үстем болған кезеңі үшін қолданылады.

3. Тергеп-тексеру жүргізу туралы бұйрықта:

1) тергеп-тексеру объектісінің атауы;

2) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының бұзылуына тергеп-тексеру жүргізу үшін негіздер;

3) тергеп-тексеру объектісінің әрекетінде (әрекетсіздігінде) байқалатын Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының бұзылу белгілері;

4) тергеп-тексерудің басталу және аяқталу мерзімі;

5) монополияға қарсы органның тергеп-тексеру жүргізуге уәкілеттік берілген лауазымды адамдарының тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе);

6) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының бұзылуын тергеп-тексеруге қатысатын адамдардың құқықтары қамтылуға тиіс.

4. Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының бұзылуын тергеп-тексеру оны жүргізу туралы бұйрық шығарылған күннен бастап үш айдан аспайтын мерзімде жүргізіледі. Монополияға қарсы орган тергеп-тексеру мерзімін ұзартуы мүмкін, бірақ ол үш айдан аспауға тиіс. Мерзімді ұзарту туралы бұйрық шығарылады, бұйрықтың көшірмесі ол шығарылған күннен бастап үш күн ішінде өтініш беруші мен тергеп-тексеру объектісіне жіберіледі.»;

26) 220-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Әрекеттеріне қатысты тергеп-тексеру жүргізілетін жеке немесе заңды тұлға Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының бұзылуын тергеп-тексеру нәтижелері бойынша қорытындының жобасын келісу комиссиясының қарауына енгізу үшін монополияға қарсы органға жүгінуге құқылы.»;

27) 221-баптың 5 және 7-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда басқа мемлекеттік орган ақпаратты талап ететін жағдайларды қоспағанда, тергеп-тексеру барысында монополияға қарсы орган алған тергеп-тексеру объектісі туралы кез келген ақпарат таратылуға жатпайды.»;

«7. Монополияға қарсы органның лауазымды адамдары тергеп-тексеру жүргізу кезінде:

1) дәлелдемелердің жан-жақты, толық және объективті жиналуына және зерттелуіне барлық шараларды қолдануға;

2) тергеп-тексеру нәтижелері бойынша қорытындыны уақтылы дайындауға;

3) тергеп-тексеруді тоқтата тұру және қайта бастау, сондай-ақ сараптама тағайындау туралы ұйғарымды уақтылы шығаруға;

4) аумақтық органдар қорытындыларды бекіткен не бұзушылықтарға тергеп-тексеру жүргізу туралы бұйрықтарға қол қойған күннен бастап үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде осы құжаттардың көшірмелерін орталық мемлекеттік органға жіберуге міндетті.»;

28) 222-баптың 1-тармағының 3) тармақшасындағы «жүргізілген жағдайларда, Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының бұзылуын тергеп-тексеруді тоқтата тұруға құқылы» деген сөздер «жүргізілген;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) егер бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнаманың бұзылуына тергеп-тексеру жүргізу кезінде белгілі бір тауар нарығында үлесті елу пайызға асыруға қарамастан, тауар нарығындағы субъектінің жағдайы үстем болып табылмайтындығы анықталатын болса, тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйіне талдау жүргізу қажет болған жағдайларда, Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының бұзылуын тергеп-тексеруді тоқтата тұруға құқылы.»;

29) 224 - бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының бұзылуын тергеп-тексеру нәтижелері бойынша монополияға қарсы органның лауазымды адамы қорытынды әзірлейді, оның негізінде монополияға қарсы орган мынадай:

1) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының бұзылуын тергеп-тексеруді осы Кодекстің 223-бабында көзделген негіздер бойынша тоқтату;

2) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау және осы Кодекстің 226-бабы 1-тармағының 1 және 2) тармақшаларында белгіленген жағдайларда нұсқама шығару;

3) әкімшілік жауаптылыққа тартуға талап қоюдың ескіру мерзімі өткен жағдайда
н ұ с қ а м а ш ы ғ а р у ;

4) сотқа дейінгі тергеу-тексеру жүргізу үшін материалдарды құқық қорғау органдарына беру туралы шешімдердің бірін қабылдайды.»;
мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының бұзылуын тергеп-тексеру нәтижелері бойынша қорытындының жобасы тергеп-тексеру объектісіне тергеп-тексеру аяқталғанға дейін кемінде күнтізбелік отыз күн бұрын тапсырылады немесе хабарламасы бар хатпен жіберіледі.»;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Тергеп-тексеру объектісі тергеп-тексеру аяқталғанға дейін кемінде күнтізбелік жиырма күн бұрын мерзімде өтініш жасаған жағдайда, монополияға қарсы органның лауазымды адамы (лауазымды адамдары) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының бұзылуын тергеп-тексеру нәтижелері бойынша қорытындының жобасын келісу комиссиясының қарауына шығарады.

Келісу комиссиясы енгізілген қорытындының жобасын енгізілген күнінен бастап күнтізбелік бес күннен аспайтын мерзімде тергеп-тексеруге қатысатын адамдарды отырысқа шақыра отырып, оның толықтығы мен Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзу фактілерінің онда келтірілген дәлелдемелерінің сапасы нысанасында қарайды.

Келісу комиссиясы қорытындының жобасын қарау нәтижелері бойынша лауазымды адамға (лауазымды адамдарға) жұмыс үшін жіберілетін өз ескертпелері мен
ұ с ы н ы м д а р ы н е н г і з е д і .

Келісу комиссиясының ережесін, регламентін және монополияға қарсы органның қызметкерлерінен басқа тергеп-тексеру объектісінің тарапын қоса алғанда, тәуелсіз сарапшылар өкілдік етуге тиіс құрамын монополияға қарсы орган әзірлейді және б е к і т е д і . » ;

3-тармақтың екінші бөлігі алып тасталсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының бұзылуын тергеп-тексеру нәтижелері бойынша қорытындыны бекіту тергеп-тексеру аяқталған күннен бастап он жұмыс күнінен аспайтын мерзімде монополияға қарсы органның бұйрығымен ресімделеді.»;

3 0) 2 2 6 - б а п т а :

1-тармақтың 1) тармақшасының төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«осы Кодекске қайшы келетін шарттарды бұзу немесе өзгерту және мәмілелердің күші н ж о ю ; » ;

1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) мемлекеттік органдарға, жергілікті атқарушы органдарға өздері қабылдаған актілердің күшін жою немесе оларды өзгерту, бұзушылықтарды тоқтату, сондай-ақ өздері жасаған осы Кодекске қайшы келетін келісімдер мен мәмілелерді бұзу, күшін жою немесе өзгерту туралы және бәсекелестікті қамтамасыз етуге бағытталған әрекеттер жасау туралы орындалуға міндетті нұсқамалар беруге;»;

31) 231-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Егер үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектісі осы Кодекстің 174-бабында көзделген бұзушылықтар үшін күнтізбелік бір жыл ішінде екі рет әкімшілік жауаптылыққа тартылса және бәсекелестікті шектейтін әрекеттер жасауды жалғастырса, монополияға қарсы орган бәсекелестікті дамыту мақсатында осы нарық субъектісін мәжбүрлеп бөлу немесе оның құрамынан құрылымдық бөлімшелері базасында бір немесе бірнеше заңды тұлғаны бөліп шығару туралы талап қою арқылы с о т қ а жү г і н у г е құ қ ы л ы . » ;

32) 324-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Осы Кодекс мазмұнының 173 және 197-баптарының тақырыптары, 79-6-бабының 9), 13) және 14) тармақшалары, 138-бабының 68) тармақшасы, 173-бабы, 195-бабының 3) тармақшасы, 196-бабы 6-тармағының 2) тармақшасы, 197-бабы, 292-бабы 1-тармағының 6) тармақшасы 2017 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады деп б е л г і л е н с і н . » .

3. «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» 1995 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 3-4, 35-құжат; № 15-16, 109-құжат; № 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 1, 180-құжат; № 14, 274-құжат; 1997 ж., № 12, 183-құжат; 1998 ж., № 5-6, 50-құжат; № 17-18, 224-құжат; 1999 ж., № 20, 727-құжат; 2000 ж., № 3-4, 63, 64-құжаттар; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 1,1-құжат; № 8, 52-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 18, 157-құжат; 2003 ж., № 4, 25-құжат; № 15, 139-құжат; 2004 ж., № 5, 30-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; № 14, 55, 58-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006ж., № 10, 52-құжат; № 15, 95-құжат; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; 2008 ж., № 12, 52-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126, 129-құжаттар; 2009 ж., № 24, 122, 125-құжаттар; 2010ж., № 1-2, 2-құжат; № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 17, 136-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 13, 91-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013ж., № 10-11, 56-құжат; 2014ж., № 1, 9-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 12, 82-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 42-құжат; № 15, 78-құжат; № 16, 79-құжат; № 20- IV, 113-құжат; № 22-VI, 159-құжат; № 23-I, 169-құжат):

1) 6-баптың бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Тиісті тауар нарығында монополиялық жағдайға ие нарық субъектілерін, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындарды, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу

үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаларды және өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын олармен үлестес тұлғаларды, мұндай құру Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарында немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік тіркеуді тіркеуші орган монополияға қарсы органның келісімімен жүзеге асырады. Монополияға қарсы орган тіркеуші органға мемлекеттік кәсіпорындардың, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың және монополияға қарсы органның келісімімен құрылған олармен үлестес тұлғалардың тізбесін ұсынады.»;

2) 6-3-баптың бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Табиғи монополиялар субъектілері қайта ұйымдастырылған кезде тіркеуші органға табиғи монополиялар саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның келісімі ұсынылады.»;

3) 14-баптың бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Табиғи монополия субъектілерін мемлекеттік қайта тіркеу үшін табиғи монополиялар саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның келісімі талап етіледі; тиісті тауар нарығында монополиялық жағдайға ие нарық субъектілерін, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындарды, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаларды және өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын олармен үлестес тұлғаларды, мұндай құру Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарында немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, қайта тіркеу үшін монополияға қарсы органның келісімі талап етіледі.»;

4) 16-баптың жетінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Егер тексеру процесінде тарату тәртібінің бұзылуы анықталмаса, тіркеуші орган қажетті құжаттарымен қоса заңды тұлғаның таратылуын мемлекеттік тіркеу туралы өтініш берілген күннен кейінгі бес жұмыс күні ішінде заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын тіркейді. Табиғи монополия субъектісі қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеуді тіркеуші орган табиғи монополиялар саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның алдын ала келісімімен жүзеге асырады.»;

4. «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 16, 214-құжат; 1999 ж., № 19, № 646-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2001 ж., № 23, 309-құжат; 2002 ж., № 23-24, 193-құжат; 2004ж., № 14, 82-құжат; № 23, 138, 142-құжаттар; 2006ж., № 2, 17-құжат; № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 13, 87-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; № 19, 148-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 11-12, 54-құжат; № 13-14, 62-құжат

; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 20, 23-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 112-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 2, 9, 15-құжаттар; № 3, 21-құжат; № 4, 30-құжат; № 11, 80-құжат; № 12, 85-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 15, 79,82-құжаттар; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 64-құжат; № 14, 87-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 9, 46-құжат; № 19-I, 100-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20 –VII, 117-құжат; № 21-II, 131-құжат; № 22-II, 144-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 жылғы 31 наурызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне рұқсат беру құжаттарын қысқарту және рұқсат беру рәсімдерін оңайлату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2016 жылғы 29 наурыздағы Қазақстан Республикасының
З а ң ы) :

1) 3-баптың 22) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«22) тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) шекті деңгейі – ұзақ мерзімді кезеңге, ал қажет болған кезде – осындай ұзақ мерзімді кезең ішінде әрбір жылға бекітілетін, табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметіне (тауарына, жұмысына) тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) ең жоғары шамасы;»;

2) 4 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«б) контейнерлермен жүктерді тасымалдау және бос контейнерлерді тасымалдау кезінде магистральдық теміржол желісінің көрсетілетін қызметтерін қоспағанда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жүктерді транзиттік тасымалдаулар кезінде магистральдық теміржол желісінің көрсетілетін қызметтерін қоспағанда, магистральдық теміржол желілерінің;»;

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«8) халықаралық және транзиттік ұшуларға аэронавигациялық қызмет көрсетуді қоспағанда, аэронавигацияның;»;

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«9) транзиттік ұшуларды қоспағанда, әуежайлардың;»;
мынадай мазмұндағы 9-1) тармақшамен толықтырылсын:

« 9 - 1) п о р т т а р д ы ң ; » ;

10) және 13) тармақшалар алып тасталсын;

3) 6-бап мынадай мазмұндағы 5-3) және 5-4) тармақшалармен толықтырылсын:

«5-3) тарифтік сметаларды, тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) немесе олардың шекті деңгейлерін бекіту тәртібіне сәйкес тарифтік сметаны түзетуге уәкілетті органға жүгінуге;»;

5-4) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) және тарифтік сметаларды оңайлатылған тәртіппен бекіту тәртібіне сәйкес тарифтік сметаны түзетуге уәкілетті

органға

жүгінуге

құқылы.»;

4)

7 - 2 - б а п т а :

2-тармақтың алтыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Жария тыңдаулардың өткізілетін күні мен орны туралы хабарландыруды уәкілетті орган жария тыңдаулар өткізілгенге дейін күнтізбелік жеті күннен кешіктірмей мерзімді баспасөз басылымдарында жариялауға міндетті.»;

5) 7-3-баптың 1) тармақшасының үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша есепті тоқсаннан кейінгі айдың соңғы күнінен кешіктірмей өндіру (өткізу) көлемдері, табыстылық деңгейі және өндірілетін (өткізілетін) тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) босатылу бағалары туралы тоқсан сайынғы ақпаратты;»;

6) 14-1-баптың 1-тармағы 1) тармақшасының бесінші бөлігі алып тасталсын;

7) 16-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) бекіту қажет болған кезде қуаттылығы «аз» табиғи монополия субъектісі уәкілетті органға тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) қарауға өтінімді олар қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік алпыс күннен кешіктірмей ұсынады.»;

9)

1 8 - б а п т а :

3-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Қуаттылығы аз табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) қолданысқа енгізу тарифтер (бағалар, алымдар мөлшерлемелері) бекітілген айдан кейінгі екінші айдың бірінші күнінен бастап жүзеге асырылады.»;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Табиғи монополия субъектісі тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) немесе олардың шекті деңгейлерінің өзгертілгені туралы ақпаратты тұтынушының назарына олар күшіне енгізілгенге дейін кемінде отыз күн бұрын, ал қуаттылығы аз табиғи монополия субъектісі олар қолданысқа енгізілгенге дейін кемінде он бес күн бұрын жеткізуге міндетті.».

5. «Теміржол көлігі туралы» 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 23, 315-құжат; 2003 ж., № 10, 54-құжат; 2004 ж., № 18, 110-құжат; № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 13, 87-құжат; № 14, 89-құжат; № 16, 99-құжат; № 24, 148-құжат; 2007ж., № 9, 67-құжат; № 19, 148-құжат; 2008ж., № 15-16, 64-құжат; № 24, 129-құжат; 2009ж., № 2-3, 18-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2,3-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012ж., № 2, 14-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 14, 72, 75-құжаттар; № 16, 83-құжат; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 12, 82-құжат;

№ 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; №23, 143-құжат; 2016 жылғы 31 наурызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне рұқсат беру құжаттарын қысқарту және рұқсат беру рәсімдерін оңайлату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2016 жылғы 29 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы) :

1) 1 4 - б а п т а :

2 - т а р м а қ т а :

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) магистральдық теміржол желісінің жұмыс істеуі үшін технологиялық қажетті станция жолдарының, электрмен жабдықтау, сигнализация, байланыс объектілерінің, құрылғылардың, жабдықтардың, үйлердің, құрылыстардың, ғимараттардың және өзге де объектілердің тізбесін табиғи монополиялар салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен келісіу бойынша бекіту;»;

20) және 21) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«20) магистральдық теміржол желісінде көрсетілетін қызметтерге кіретін операциялардың тізбесін табиғи монополиялар саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен келісім бойынша бекіту;

21) кірме жолдарда көрсетілетін қызметтерге кіретін операциялардың тізбесін табиғи монополиялар салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен келісім бойынша бекіту;»;

34-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«34-1) теміржол көлігіндегі табиғи монополия субъектілерінің шикізат пен материалдар, қосалқы бөлшектер, жабдықтар, отын, энергия шығыстарының, техникалық ысыраптарының техникалық және технологиялық үлгілік нормаларын б е к і т у ; » ;

2) 57-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Ұлттық инфрақұрылым операторы не концессионер кірме жолдарды магистральдық және станциялық жолдарға жалғастырудан бас тартқан жағдайда, табиғи монополиялар салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган шағымдарды қарауды жүзеге асырады.».

6. «Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы 2002 ж., № 2, 16-құжат; 2004 ж., № 20, 116-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 11, 36-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 24,148-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 18, 143-құжат; 2009 ж., № 24,134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 14, 95, 96-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 2, 10-құжат;№ 14, 72, 75-құжаттар; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; 2015 ж

., № 2, 3-құжат; № 8, 45-құжат; № 19-I, 100-құжат; 2016 жылғы 9 сәуірде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне төрелік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2016 жылғы 8 сәуірдегі Қазақстан Р е с п у б л и к а с ы н ы ң З а ң ы) :

1) 4-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 55-32), 55-33) және 55-34) тармақшалармен толықтырылсын :

«55-32) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) немесе олардың шекті деңгейлерін бекіту кезінде ескерілетін порттар саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің инвестициялық бағдарламаларын (жобаларын) табиғи монополиялар салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен бірлесіп бекіту;

55-33) порттар саласындағы табиғи монополия субъектісінің инвестициялық бағдарламасының (жобасының) орындалуы туралы ақпаратқа талдау жүргізу;

55-34) табиғи монополиялар салаларына жатқызылған теңіз порттарына көрсетілетін қызметтер тарифтеріне (бағаларына, алымдар мөлшерлемелеріне) уақытша төмендету коэффициентінің ұсынылып отырған деңгейін бекітудің орындылығы негіздемесі не оны бекітудің орынды еместігі негіздемесі көрсетілетін қорытындыны табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органға ұсыну;» .

7. «Байланыс туралы» 2004 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 14, 81-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 19, 148-құжат; 2008 ж., № 20, 89-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 121-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146, 150-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 3, 25-құжат; № 8, 63, 64-құжаттар; № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 12, 57-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 37-құжат; № 8, 44, 49-құжаттар; № 10, 52-құжат; № 14, 87-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; № 22-I, 141-құжат; № 22-V, 156-құжат):

1) 8-баптың 1-тармағының 19-2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«19-2) телекоммуникациялар және пошта байланысының әмбебап көрсетілетін қызметтері саласындағы табиғи монополиялар салаларында реттеу мен бақылауды жүзеге асыру;» ;

2) 20-баптың 3-тармағы алып тасталсын.

8. «Электр энергетикасы туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 17, 102-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 7, 38-құжат; № 13, 87-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 19, 148-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 13-14, 62-құжат; № 15-16, 74-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж.

, № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 3, 21-құжат; № 12, 85-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 14, 75-құжат; № 15, 79-құжат; 2014ж., №10, 52-құжат; №12, 82-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; №23, 143-құжат; 2015ж., № 11, 57-құжат; №20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 117-құжат; №21-II, 131-құжат; № 23-I, 169-құжат; 2016 жылғы 31 наурызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне рұқсат беру құжаттарын қысқарту және рұқсат беру рәсімдерін оңайлату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2016 жылғы 29 наурыздағы Қазақстан Р е с п у б л и к а с ы н ы ң 3 а ң ы) :

1) 1-баптың 13) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«13) инвестициялық шарт – энергия өндіруші ұйым, уәкілетті орган және табиғи монополиялар салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган арасындағы инвестициялық бағдарламаны орындау туралы шарт;»;

2) 3-баптың 2-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) электр және жылу энергиялары нарығын құру және жетілдіру;»;

3) 7 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«7-бап. Табиғи монополиялар салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның құзыреті»;

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Табиғи монополиялар салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік о р г а н : » ;

4) 9-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қосалқы (шунтталатын) электр беру желілері мен шағын станцияларды жобалау және салу уәкілетті органмен, табиғи монополиялар салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен және жүйелік оператормен алдын ала келісе отырып жүзеге асырылады.»;

5) 1 2 - б а п т а :

3 - т а р м а қ т а :

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) инвестициялық шарт жасасқан жағдайда инвестициялық бағдарламаны орындауға және оның орындалуы туралы есепті уәкілетті органға және табиғи монополиялар салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органға жыл с а й ы н т а б ы с е т у г е ; » ;

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«9) табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның талап етуі бойынша осы Заңның 7-бабының 8-1) тармақшасына сәйкес ақпаратты ол белгілеген, тиісті сұрау алынған күнінен бастап бес жұмыс күнінен

аспайтын мерзімде қағаз және (немесе) электрондық жеткізгіштерде беруге;»;

4-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Энергия өндіруші ұйым табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган енгізген инвестициялық бағдарламаны орындау туралы нұсқаманы белгіленген мерзімде орындамаған жағдайда, энергия өндіруші ұйым көтерме және (немесе) бөлшек сауда нарығының субъектілеріне инвестициялық бағдарламаны орындау үшін көзделген және оны іске асыру мақсатында пайдаланылмаған алынған қаражатты қайтаруға міндетті.»;

6) 1 2 - 1 - б а п т а :

4-тармақтың екінші және үшінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

«Инвестициялық бағдарлама оны іске асыру басталғанға дейін уәкілетті органға және табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік о р г а н ғ а т а б ы с е т і л е д і .

Энергия өндіруші ұйым инвестициялық бағдарлама негізінде белгіленген тәртіппен уәкілетті органмен және табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен инвестициялық шарт жасасады.»;

б - т а р м а қ т а :

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Энергия өндіруші ұйымның жеке тарифті қолдануы табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның инвестициялық бағдарлама параметрлерін және жобалау-сметалық құжаттаманы есепке ала отырып қабылдаған шешімнің негізінде жүргізіледі.»;

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Жеке тариф инвестициялық бағдарламаның құны артқан жағдайда есептік тарифтен жоғары болып бекітіледі. Бұл ретте инвестициялық бағдарламаның құнын арттыру уәкілетті органмен және табиғи монополиялар салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен келісілуге тиіс.»;

7) 13-баптың 3-3-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйымдардың тізілімін табиғи монополиялар салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган интернет-ресурста қалыптастырады, жүргізеді және жариялайды.»;

8) 14-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Жүйелік оператор, өңірлік электр желілері компаниялары мен электр желілерін иеленетін өзге де ұйымдар табиғи монополиялар салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен нарықтың барлық қатысушыларының электр энергиясы нарығына еркін қол жеткізуін қамтамасыз етеді.»;

9) 22-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Электр энергетикасының объектілерін және (немесе) оның жекелеген бөліктерін

сатып алу-сату, жалға немесе сенімгерлік басқаруға беру уәкілетті орган мен табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органды алдын ала хабардар ете отырып жүзеге асырылады.».

9. «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 4, 32-құжат; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 14, 117-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 15-құжат; № 13, 91-құжат; № 15, 97-құжат; № 20, 121-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; № 21-II, 130-құжат; 22-VI, 159-құжат):

1) 2-баптың 2-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) табиғи монополиялар субъектілері болып табылмайтын дара кәсіпкерлер бухгалтерлік есепті жүргізу (бастапқы құжаттарды жасаудан және сақтаудан басқа) мен қаржылық есептілік жасауды жүзеге асырмауға құқылы.».

10. «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» 2009 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2009 ж., № 13-14, 61-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 14, 92-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 75-құжат; № 15, 79-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-I V , 1 1 3 - қ ұ ж а т) :

1) 1-баптың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«6) жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдауға жұмсалатын шығындар – қаржы-есеп айырысу орталығының жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндірген электр энергиясын сатып алуға жұмсалатын шығындары, электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерге жұмсалатын шығындары және Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес айқындалатын, оның қызметін жүзеге асыруға байланысты шығындар»; ;

2) 9-баптың 6-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектісі өндірген жылу энергиясына жұмсалатын шығындар Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен энергиямен жабдықтаушы ұйымның тарифіне енгізіледі.» ;

3) 10-баптың 5-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерін қосу үшін қажетті энергия беруші ұйымдардың қолданыстағы электр және жылу желілерін кеңейтуді және реконструкциялауды энергия беруші ұйым тиісті шығындарды Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен

ұйымның тарифтеріне қоса отырып жүзеге асырады.».

11. «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 17-18, 113-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 14, 95-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 72-құжат; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., 19-I, 100-құжат; 20-IV, 113-құжат; № 23-II, 170, 172-құжаттар):

1) 14-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 25-1), 25-2) және 25-3) тармақшалармен толықтырылсын:

«25-1) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) немесе олардың шекті деңгейлерін бекіту кезінде ескерілетін азаматтық авиация саласындағы табиғи монополия субъектілерінің инвестициялық бағдарламаларын (жобаларын) табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен бірлесіп бекітеді;

25-2) азаматтық авиация саласындағы табиғи монополия субъектісінің инвестициялық бағдарламасының (жобасының) орындалуы туралы ақпаратқа талдау жүргізеді;

25-3) табиғи монополия саласына жатқызылған әуежайлар мен аэронавигацияның көрсетілетін қызметтерінің тарифтеріне (бағаларына, алымдар мөлшерлемелеріне) уақытша төмендету коэффициентін бекітеді;»;

2) 65-баптың 1-тармағының 10) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«10) осы көрсетілетін қызметтерге және осы тармақта көрсетілген көрсетілетін қызметтер кіретін операцияларды қоса алғанда, тізбесін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган табиғи монополиялар саласында бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органмен бірлесіп бекітетін басқа да көрсетілетін қызметтер кіреді.».

12. «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 5, 42-құжат; № 15, 118-құжат; № 16, 129-құжат; № 17, 136-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 16-құжаттар; № 4, 30, 32-құжаттар; № 5, 41-құжат; № 6, 43-құжат; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 95-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 2, 13-құжат; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 15, 82-құжат; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 2, 10, 12-құжаттар; № 4-5, 24-құжат; № 7, 37-құжат; № 12, 82-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; № 22, 131-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 42-құжат; № 11, 57-құжат; № 14, 72-құжат; № 19-I, 99-құжат; № 19-II, 103, 105-құжаттар; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 117-құжат; № 21-I, 124-құжат; № 21-II, 130-құжат; № 21-III, 135-құжат; № 22-II, 145, 148-құжаттар; № 22-VI, 159-құжат; № 23-II, 170, 172-құжаттар; 2016 жылғы 12 сәуірде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде

жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ғарыш қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2016 жылғы 8 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 134-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Мемлекеттік кәсіпорындарға – табиғи және мемлекеттік монополия субъектілеріне осы Заңда және «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделмеген қызмет түрлерін жүзеге асыруға тыйым салынады.»;

2) 146-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Табиғи монополиялар немесе мемлекеттік монополия субъектілеріне жататын шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағалары Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің, «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарының талаптары ескеріле отырып белгіленеді.»;

3) 156-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Табиғи монополия немесе мемлекеттік монополия субъектілеріне жататын қазыналық кәсіпорындарды қоса алғанда, қазыналық кәсіпорындар өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағалары Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің, «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарының талаптары ескеріле отырып белгіленеді.».

13. «Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы» 2011 жылғы 20 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 13, 113-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 11, 80-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 22, 131-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 9, 46-құжат; № 23-I, 169-құжат; 2015 жылғы 3 қарашада «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 9-баптың 2-тармағының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органдар:» ;

2) 14-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Табиғи монополиялар салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органмен келісу бойынша мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті орган

бағаларды мемлекеттік реттеу белгіленген мұнай өнімдерін бөлшек сауда арқылы өткізуге шекті бағалар белгілейді.».

14. «Газ және газбен жабдықтау туралы» 2012 жылғы 9 қаңтардағы № 532-IV Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 2, 8-құжат; № 11, 80-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 15, 82-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат):

1) 7-баптың 4-тармағының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Табиғи монополия салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган:»

;

2) 2 0 - б а п т а :

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Уәкілетті орган табиғи монополиялар салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органмен келісу бойынша он бесінші мамырдан кешіктірілмейтін мерзімде тауарлық газды ішкі нарықта көтерме саудада өткізудің алдағы жылға арналған шекті бағаларын бекітеді.»;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Уәкілетті орган табиғи монополиялар салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органмен келісу бойынша жоспарланған кезең басталғанға дейін күнтізбелік он бес күннен кешіктірілмейтін мерзімде сұйытылған мұнай газын ішкі нарықта көтерме саудада өткізудің алдағы тоқсанға арналған шекті бағаларын бекітеді.»

;

3) 22-баптың 4-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) осы баптың 3-тармағында көзделген шектеулерді ескере отырып, тауарлық газдың иелеріне Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес магистральдық газ құбырының, тауарлық газ қоймасының немесе газ тарату жүйесінің қуаттарына тең жағдайларда қол жеткізуді ұсынуға;».

15. «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 3, 20-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 2, 6-құжат; № 11, 57-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 22-II, 144-құжат; 2016 жылғы 31 наурызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне рұқсат беру құжаттарын қысқарту және рұқсат беру рәсімдерін оңайлату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2016 жылғы 29 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 8-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Тұтынушылар Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес бекітілген, жылу энергиясын есепке алу аспаптарының болуына

немесе болмауына байланысты сараланған тарифтер бойынша тұтынылған жылу энергиясы үшін ақы төлеуді жүргізеді.».

16. «Магистральдық құбыр туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 11, 79-құжат; 2014 ж., № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; № 24, 145-құжат; 2015 ж., № 9, 46-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат):

1) 24-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Магистральдық газ құбырының еркін өткізу қуаты болмаған кезде газды ол арқылы тасымалдау жөніндегі қызметтерді ұсыну Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.»;

2) 25-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Оператор магистральдық құбырмен тасымалданатын өнімді маршрут соңындағы алушыға өнім тасымалдау кезіндегі техникалық шығындарды шегере отырып тапсырады.» ;

3) 28-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Өнімді магистральдық құбырмен тасымалдау жөніндегі қызметтерге арналған тарифтер Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиті және Қазақстан Республикасының шегінен тыс экспорты мақсатында оларды тасымалдауды қоспағанда Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес белгіленеді.» .

17. «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 4-5, 23-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 42-құжат; № 15, 78-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 жылғы 9 сәуірде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне төрелік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2016 жылғы 8 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 3 - б а п т а :

1-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Банкроттық немесе оңалту рәсімдерін мақта өңдеу ұйымдарына, астық қабылдау кәсіпорындарына, сондай-ақ табиғи монополия субъектілеріне қатысты қолдану ерекшеліктері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленуі мүмкін.»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Табиғи монополия субъектілері болып табылатын не республика экономикасы үшін маңызды стратегиялық мәні бар, азаматтардың өміріне, денсаулығына, ұлттық қауіпсіздікке немесе қоршаған ортаға әсер ете алатын ұйымдар мен дара кәсіпкерлер, оның ішінде акцияларының пакеттері (қатысу үлестері) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес стратегиялық объектілерге жатқызылған, сондай-ақ мемлекеттің

бастамасы бойынша банкрот деп танылған ұйымдар банкрот болған кезде Қазақстан Республикасының Үкіметі азаматтар мен мемлекеттің мүдделерін қорғау мақсатында мүліктік массаны өткізудің ерекше шарттары мен тәртібін белгілеуге, сондай-ақ акцияларының пакеттері (қатысу үлестері) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес стратегиялық объектілерге жатқызылған ұйымдар немесе республика экономикасы үшін маңызды стратегиялық мәні бар ұйымдар банкрот болған кезде мүліктік массаны ұлттық басқарушы холдингінің сатып алуы туралы шешім қабылдауға қ ұ қ ы л ы . » ;

2) 41-баптың 2-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) қызметінің табиғи монополия саласына қатысы туралы немесе осы борышкердің тауар нарығында монополиялық жағдайға ие нарық субъектісі болып табылатыны т у р а л ы а қ п а р а т т ы ; » ;

3) 4 2 - б а п т а :

2 - т а р м а қ т а :

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«5) егер борышкер табиғи монополия субъектісі болып табылған жағдайда, табиғи монополиялар салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның борышкердің өзін банкрот деп тану туралы сотқа жүгінуі туралы жазбаша хабарламасын алған кезден бастап күнтізбелік он күннен аспайтын мерзімде ұсынатын қ о р ы т ы н д ы с ы ; » ;

6) тармақша алып тасталсын;

4) 64-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Табиғи монополиялар субъектілері болып табылатын не республика экономикасы үшін маңызды стратегиялық мәні бар, азаматтардың өміріне, денсаулығына, ұлттық қауіпсіздікке немесе қоршаған ортаға әсер ете алатын ұйымдар үшін оңалту рәсімінің мерзімін сот екі жылға дейін ұзартуға құқылы.»;

5) 7 3 - б а п т а :

1-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Табиғи монополиялар субъектілері болып табылатын не республика экономикасы үшін маңызды стратегиялық мәні бар, азаматтардың өміріне, денсаулығына, ұлттық қауіпсіздікке немесе қоршаған ортаға әсер ете алатын ұйымдардың оңалту жоспары тиісті орталық атқарушы органмен, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің тиісті аумақтық органымен, ал қала құраушы заңды тұлғалар бойынша – тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органымен келісілуге тиіс.»;

8-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Табиғи монополиялар субъектілері не республика экономикасы үшін маңызды стратегиялық мәні бар, азаматтардың өміріне, денсаулығына, ұлттық қауіпсіздікке немесе қоршаған ортаға әсер ете алатын ұйымдардың оңалту жоспары тиісті орталық

атқарушы органмен, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің тиісті аумақтық органымен, ал қала құраушы заңды тұлғалар бойынша – тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органымен келісілуге тиіс. » .

18. «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» 2015 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 22-1, 138-құжат; 2016 жылғы 8 сәуірде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы) :

1) 8-баптың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«5) өздері өндіретін (өткізетін) тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларына қатысты ақпарат бөлігінде – монополиялық жағдайға ие нарық субъектілері болып табылатын заңды тұлғалар;»;

2) 16-баптың 11-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«11. Монополиялық жағдайға ие нарық субъектілерінің интернет-ресурстарында монополиялық жағдайға ие нарық субъектілері өндіретін және өткізетін тауарларға баға белгілеу мәселелерін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілер, сондай-ақ олар өндіретін (өткізетін) тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) бағалары орналастырылады. » .

19. «Пошта туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (2016 жылғы 21 сәуірде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған):

8-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«2. Пошта саласындағы субсидияланатын әмбебап көрсетілетін қызметтерге шекті баға деңгейін уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен уәкілетті орган реттейді.».

2 - б а п .

Осы Заң 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті